



# Ақмешіт

20 желтоқсан  
сейсенбі  
№101 (1905)  
2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



## Ахмет Байтұрсынұв және Қызылорда

«Бзындап, ұшқан мынау біздің маса, Сап-сары, аяқтары ұзын маса. Өзіне біткен түсі өзгерілмес, Дегенмен қара яки қызыл маса. Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып, Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша. Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, Қоймастан құлағына бзындаса?»

Бұл – ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұвтың «Маса» деген өлеңі. Аңдағанға «Масаның» айтар ойы тым терең. Ахметтей алып өзі өмір сүрген кезіндегі қазақ қоғамын оқу-білім арқылы алға өрлетуді көздеген. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Бүгін біз ұлт ұстазы, қазақ тілі білімінің негізін қалаушы, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз салушы, журналист-публицист, ақын-жазушы, аудармашы, қазақ филологиясының атасы Ахмет Байтұрсынұвты алыптың Қызылорданың астана болған шағымен байланысын сөз етеміз.

«Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Айдана Сейіл «Ахметтің Өліпби» атты мақаласында талай әліппенің бастауында тұрған Байтұрсынұвтың осы бір еңбегінің Қызылордада басылғаны жазылады. Бұдан бөлек жоғарыда аты аталған қалалық газеттің бөлім меңгерушісі Ақмарал Олжабаева Қызылордадағы музейінің ақпарат бөліміне мақаласында Ахмет Байтұрсынұвтың Сыр бойымен байланысын айғақтайтын құжат туралы мәлімет келтіреді. Ол – Қазақ институтының сабақ кестесі. Сол тұста Ахмет Байтұрсынұв осы оқу орнында жұмыс істеген. Ал сабақ кестесіне Байтұрсынұвтың есімі оқытушы ретінде жазылған. Анығырақ айтар болсақ, Ақмарал Олжабаеваның «Ел астанасы Қызылорда «Ақмешітте» сақтаулы» атты мақаласында: «Мені ерекше қызықтырғаны Қызылорда қаласында алғаш рет ғылыми-ағартушылық жұмыспен айналысқан алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Темірбек Жүргеновтердің еңбектері болды. Деректерге сүйенсек, қазақ халық ағарту институты 1919 жылы Орынборда ашылған. Ең алғаш Қырғыз халық ағарту институты деп аталды. Онда қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындалды. Мәселен, 1921 жылы 140 оқушы оқыды. Оқу жоспары бойынша институтта сабақ тек қазақ тілінде жүрді. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене ара-ласты. 1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. Тәжірибелі педагогтар, республикада ағарту жұмысын ұйымдастырушы қайраткерлер А.Байтұрсынұв, С.Мендешев, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, М.Жолдыбаевтар институтта дәріс берді. Музейі сәуірінен сол кездегі сабақ кестесін, ондағы сабақ берген мұғалімдердің аты-жөнін көруге болады. 1930-жылдары республикада педагог және мұғалімдер институтының қобуіне орай 1933 жылы 15 қазанда жабылды», – деген дерек келтіреді. Бұл деректі ғалым, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасилов та растайды. Ғалымның «Сыр бойы» газетіне «Ахмет Байтұрсынұвтың қызметінің Қызылордадағы кезеңі» мақаласы басылған. Осы еңбекте Ахмет Байтұрсынұвтың Қызылордамен байланыстыратын деректер келтіріледі. Абасилов: «А.Байтұрсынұвтың уикипедиялық, энциклопедиялық, ғылыми-танымдық анықтамалықтар мен оқу құралдарында берілген өмірі мен шығармашылық жолына назар аударсақ, оны туған жері Торғайдан бастап, білім алған қаласы Орынбор, алғашқы еңбек жолы Ақтау, Костанай, Қарқаралыда басталғаны, одан Семейде түрмеде болғаны, одан қайта Орынборда газет шығаруы, Ташкентте, Алматыда институтта сабақ беруімен жалғастырып хронология жасайды. Бір қызығы, өмірі мен шығармашылығына арналған мұнан да басқа шағын мақалалардан бастап үлкен көлемді зерттеулерде оның Қызылордада өмір сүрген жылдары туралы айтылмайды. Ол кезеңді үнемі аттап өтеді не ұмыт қалдырады. Бұл біздіңше, А.Байтұрсынұвтың өмір жолы мен шығармашылық жұмыстарын зерттеудің әлі де бір ізге түспегенін, жүйеленіп болмағанын, өмір белестерінің белгісіз жақтарының көп болуымен түсіндіріледі», – дей келе соның ішінде А.Байтұрсынұвтың Қызылордадағы кезеңі мүлде қарастырылмағанын жеткізеді. Одан әрі ғалым Байтұрсынұвтың өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтерді жинақтай келе үш кезеңге бөледі. Соның екінші кезеңі ретінде Қызылордадағы жылдары алады. – Сонда А.Байтұрсынұвтың қазақ қоғамы мен ғылымына еңбек етіп, тер төккен кезеңі бірінші және екінші кезеңде болса, екінші кезеңі ішіндегі 1925-1928 жылдары Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында тұрып, ұлт жұмысының қосбасында болған уақыты екенін көруге болады. Сондықтан оны болашақта арнайы зерттеудің маңызы байқалады, – деген ойымен бөліседі.

# ҚАЙТҚАН МАЛДА ҚАЙЫР БАР, ҚАРЖЫДА ШЕ?..

Қарапайым жұртқа дөңгеленген дүние жүрісінен жаңылмай жүріп келе жатқандай көрінуі мүмкін. Оның себебі де көп. Өйткені күйбең тіршілік таңның қалай атқанын, күннің қалай батқанын, мынау төрткүл дүниеде не болып жатқанын аңғартпауы да ғажап емес. Себебі әркім өз тіршілігінің қамымен әлек. Алайда мына дүние жүрісінен жаңылғалы қашшан... Оған бірден бір кінәлілер – қанша жесе де тоймайтын, қанша алса да қоймайтын жемқорлар...



Елімізде жемқорлық атаулымен күрес қалай жүреді? Республика бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай шаралар қабылданып жатыр? Ақпараттымыз нақты болуы үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектеновтің Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа берген есебін негізге алайық. Өткен аптада Республика президенті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасын қабылдады. Президентке елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан шаралар жөнінде есеп берілді. Олжас Бектеновтің айтуынша, биыл 11 айда мемлекетке құны 600 млрд теңгеден астам заңсыз иеленген мүлік активтері мен қаражат қайтарылған. Бұдан бөлек елімізде және шетелде жалпы сомасы 360 млрд теңгеден асатын жылжымайтын мүлік, автомобильдер мен қаражат анықталды және олар жақын арада мемлекетке қайтарылды.

«Қайтқан малда қайыр бар» деп жатамыз. Ал қайтқан қаржыда ше?.. Агенттік төрағасының есебінен 600 млрд теңгеден астам заңсыз иеленген мүлік активтері мен қаражат

қайтарылғанын білдік. Бұл ақша халық үшін қаншалықты қайырлы болып тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тергеу-тексерген қылмыстық істерден тәркіленген қаржы қазірдің өзінде мектеп құрылысына жұмсалып жатыр. Президент тапсырма берді, өкілетті орган орындады. Бір ғана «Ақтөбе» ӘКК-ге қатысты қылмыстық іс аясында кінәлілер 197 млн теңге шығынды өтеді. Қаражаттың негізгі бөлігі ауыл мектебінің құрылысын аяқтауға жұмсалған. Демек, қайтқан қаржыда да қайыр бар. Ол игілікке, адами капиталға жұмсалуда.

Президентке сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстарды болдырмауға бағытталған алдын алу шаралары туралы да ақпарат берілді. Олжас Бектенов қолқатты бақылау, жер қойнауын пайдалану, мемлекеттік қорғаныс тапсырысы салаларына, көші-қон қызметінің, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың және «Қазақстан темір жолы» АҚ жұмысына сыртқы талдау аяқталғанын жеткізді. Оның қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған 2 мыңнан астам ұсыныс әзірленді.

А.АҚЫЛБЕК

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өңірді дамытуға қатысты мәселелерді талқылау үшін жергілікті құрылыс компания басшыларымен кездесті. Жиында кәсіпкерлерге салықтық әкімшіліктендіру, жүргізілетін құрылыс жұмыстарының жоспары мен келер жылдан бастап мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаға енгізілетін өзгерістер жөнінде де айтылды.



монументі мен аллеясы ашылды. Мұнан бөлек, апатты деп танылған Тоқабай ауылындағы мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн теңге қаржыға қайта салынады.

Сонымен қатар құны 1,6 млрд теңгені құрайтын Неке сарайының, 3,7 млрд теңге болатын 1000 орындық Өнер орталығының және құны 2,7 млрд теңгені құрайтын Қан орталығының құрылысы басталды.

Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен облыс орталығында құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығының құрылысы жүргізілуде.

Аймақ басшысы қаланың негізгі қақпасы саналатын әуежай да қайта жаңартынын айтып. Меценат Болат Өтемуратов қорының қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы салынады. Қазіргі таңда жобалау жұмыстары аяқталған. Келер жылы ақпан айында құрылысы басталып, 2024 жылы ел игілігіне беріледі. Ал демеушілердің көмегімен 100 млн теңгеге қазіргі терминалға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, әуежай алаңы жаңартылды.

Облыс әкімі темір жол вокзалы мен автовокзал ғимараттарын жөндеу жұмыстарына ниетті кәсіпкерлерге әрдайым қолдау болатынын жеткізіп, жерлері турған жерді дамыту ісіне үлес қосуға шақырды.

Алдағы уақытта Қызылордада «Қазгер-мұнай» бірлескен кәсіпорны басшылығымен келісім нәтижесінде заманауи үлгідегі «Оқушылар Сарайының» және «Саутс Ойл» компанияның демеушілігімен 7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасының жаңа стадионының құрылысы салынады.

Жиын соңында аймақ басшысы қала және аудан әкімдеріне және құрылысшылар қауымына әрбір жаңа нысан халыққа қолайлы жерден салынуы қажет екенін баса айтты. Ең бастысы жобалау жұмыстарына жеткілікті деңгейде мән беру қажет. Құрылыстың сапалы аяқталуы да басты шарт.

Ақмешіт-ақпарат

# АЙМАҚ ДАМУЫНА ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

Мәселен, мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғани Аманов кәсіпкерлер салықтық түсімдерді уақытылы және ашық түрде жүргізуі қажет екенін айтты. Алдағы уақытта салық базасын ұлғайтуға ынталы мердігерлерге мемлекет тарапынан қолдау болмақ.

Ал облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрелиевтің сөзіне сүйенсек, алдағы жылға құрылыс жұмыстары ауқымды. Мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысына барлығы 41,6 млрд теңге бөлінген. Бұл қаржыға облыста 128 нысанның құрылысын жүргізу жоспарлануда. Осы тұрғыда мердігерлер мен техникалық қалағалаушы мекемелердің жауапкершілігі қатаң қаралады.

Жиында сөз алған мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов облыс әкімінің бастамасына сәйкес Қаржы министрлігімен бірлескен жұмыстар нәтижесінде келер жылдан бастап конкурста түскен жеңімпаздарды анықтауда жергілікті

мекемелерге басымдық берілетінін атап айтты. Бұл үшін критерийге өзгерістер енгізілген. Жаңа өзгерістер аймақтың өнім берушілерінің жеңіске жетуін және жұмыс көлемін қосалқы мердігерге беруін азайтып, өңірде салық түсімдерін көбейтеді. Ал нысандары аяқталмаған мердігердің жеңімпаз болу мүмкіндігі төмендейді. Бұл өз кезегінде әлеуетті өнім берушілер арасында жұмыстарды, қызметтерді тең бөлуге және шартты өз мерзімінде орындауға жол ашады.

– Бұдан былай аудан және қала әкімдіктері мемлекеттік сатып алу конкурстарын ұйымдастырмайды. Мемлекеттік сатып алу процесі толықтай орталықтандырылып, басқарма арқылы жүргізіледі. Бұл салаға басқарма басшысы ретінде білікті заңгер Бауыржан Шәменовты тағайындап, жұмыстың сапалы әрі әділ өтуіне нақты талап қойдық. Сондықтан салынатын әрбір нысан сапалы және өз мерзімінде аяқталуы керек, – делі аймақ басшысы.

Сондай-ақ жиында мәслихат сессиясында үш жылдық бюджет 520,7 млрд теңге көле-

мінде бекітілгені айтылды. Ал даму шығыстарының үлесі 44,5 млрд теңгеге жеткен. Бұл өткен жылдың бекітілген бюджетімен салыстырғанда 3,5 есеге артық. Мәселен, өңірде құрылыс-монтаждау жұмыстарының іске асырылуына арналатын жобаларға барлығы 83 млрд теңге қаржы бөлінген. Облыс әкімі бұл қаржыны 114,5 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар екенін атап айтты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев туған жерінің дамуына жанашырлық танытып, ортақ іске біріккен кәсіпкерлерге алғысын білдірді. Атап айтсақ, биыл өңірде меценаттар мен кәсіпкерлер 9 млрд теңгеден аса демеушілік жасап, маңызды жобалардың жүзеге асуына қолдау көрсеткен.

Мәселен, «Балалар жылында» демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 80 спорт-ойын алаңы тарту етілді. Жаңақорған ауданында құны 790 млн теңге болатын заманауи демалыс паркі ашылды. Сырдария ауданы Нағи Лиясов ауылында құны 350 млн теңгені құрайтын «Еңбекшілер паркі» бой көтерсе, Арал ауданында «Балықшылар

**Баспасөз-2023**  
**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**  
Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрде.  
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тартып алыңыз!  
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.  
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,  
мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМИСІ

# ҚАҚПАҚ ШЫҒАРҒАН КӘСІПКЕР

Еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде мемлекеттіміз нығайып, ауқымды жобалар жүзеге асты. Әсіресе, кәсіпкерлік саласы қарқынды дамыды.

Атап айтсақ, еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін кәсіпкерлік саласын барынша қолдауға арналған бір-қатар заң қабылданды. Саланың дамуына 1991 жылы қабылданған «Қазақстанда

өндіріс тұрақты болуы үшін пластикалық қақпақ шығаруды қолға алдым. 19-20 литрлік таза сулардың қақпақшаларын шығарамыз. Атырау, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда облысының су

Сондықтан мамандарды өзіміз дайындадық. Бастапқыда екі адамнан бастасақ, бүгінде 10 адам үйренді. Қазіргі таңда цехымыз бар. Осының барлығын да қиындықтан өттік. Әкелген қондырғылар жұмыс істеп кету үшін ұялым да болғаны өтірік емес. Міне, кәсіпті бастау үшін осындай тәуекелдерге бара білу қажет. Жалқаулықты жеңу керек. Әр адамның күш жігері, қайраты болуы тиіс, – дейді Ғалым Мақсұтұлы.

Бүгінде өнімге сұраныс жақсы. Себебі өндіріс өндірістің бұл түрі жоқтың қасы. Тапсырыс сұранысқа сай. Сондықтан өнімді өтпей қалған емес. Қызметкерлері апта сайын айлық алады. Олардың қаржылық жағдайын шешуді қолға алған. Өндірісті ұлғайтып, жас мамандарды жұмыспен қамтуды мақсат етіп отыр.

– Тәуелсіздік кәсіпкерлік саласының дамуына мүмкіндік берді. Тәуелсіз елде, тәуелсіз кәсіпорын бол-



кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметтің еркіндігі туралы» және 1992 жылғы «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» заңы түрткі болды. Соның нәтижесінде 1994 жылы жеке кәсіпорындар саны 15,7 мыңды құрады. Ал салада жұмыспен қамтылғандар саны 164 мыңға жетті. Сонымен қатар 1998 жылдың басында шағын кәсіпкерлік нысандарының саны 307 мыңды құрап, оларда 1,2 миллион адам жұмыспен қамтылды. Бұл еліміздегі саланың дамуының бастамасы ғана еді.

Бұл саланың облысымыздағы дамуына жергілікті кәсіпкерлер өз үлесін қосты. Солардың бірі – кәсіпкер Ғалым Прекешов ағамызбен тілдескен едік.

Ғалым Маратұлы 2013 жылдан бастап кәсіптің өндірістік саласын дамытуды қолға алған. Себебі бұл сала елімізде артта қалып тұрған еді. Сондықтан да кәсіпкер осы бағытта кәсіп ашуды жоспарлады. Осы бағытты зерттеп, зерделеді.

– Кәсіпкерліктің өндірістік саласын екі жыл зерттедім. Қытай еліне барып, екі үлкен қондырғы алып келдім. Қазіргі таңда сол қондырғыларды пайдаланып, пластиктен әртүрлі заттар шығарамын. Ең бірінші бастаған кәсібім – қорғаныш қаскалары болды. Себебі маркетингтік зерттеуде совет одағы уақытынан кейін қасқа Қазақстанда шықпаған екен. Сондықтан осы істі қолға алғанды жөн көрдім. Қасқаның негізгі тұтынушылары қауіпсіздік саласы. Бүгінде еліміздегі барлық ұлттық компанияларды қасқамен қамтамасыз етіп отырмыз. Қасқаны тек келісімшартпен, тапсырыспен шығарамыз. Дегенмен



шығаратын мекемелерінің тапсырысын қабылдаймыз. «Даму» кәсіпкерлік бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие алып, тағы екі қондырғы сатып алдық. Алдағы уақытта жоспарымыз қорғаныс көзілдірігін және 1-1,5 литрлік суға пластикалық бөтелке шығаруды қолға алмақпыз. Өңіріміздің өндірістік саласын кеңінен дамыту – басты мақсатымыз, – дейді ол.

Кәсіп бастау үшін өзінің қиындықтары болатыны анық. Табысқа жете білу үшін түрлі сынақтар бастан кешіресің. Мақала кейіпкері де түрлі қиындыққа шыңдалды. Алайда кері қайтқан жоқ. Өз өнімін дамыту үшін ізденді, мақсатына жетуді қалады.

– Кәсіпкер болу үшін ең басты не нәрсе қажет? – деп сұрадық.

– Кәсіп бастау үшін ең алдымен үлкен тәуекелге бара білу қажет. Оның ішінде өндірісті дамыту мақсатында барлық табысыңды сол бағытқа жұмсауға тура келеді. Сонымен қатар ең негізгі мәселе – маман қажет. Біз жергілікті мамандарды дайындадық. Қытай еліне барып үйренді. Өндірістік салада мамандар жұмыс қасы. Дәл мұндай өндіріс өңірде жоқ.

Айтқаны БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

# Лаула, лаула Желтоқсанның мұзға жанған алауы

Тәуелсіздік күні қарсаңында желтоқсан оқиғасының құрбандарын еске алуға арналған іс-шара өтті. Тағым алаңына жиналған қауым Желтоқсан оқиғасында ұлт болашағы үшін құрбан болған жастарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Еліміздің еркіндігі мен бостандығы жолында басын бәйгеге тігіп, жастардың орталық алаңға шығып, өз талаптарын қоюы ата-бабамыз арман еткен, аманат еткен Тәуелсіздігімізге жол ашқаны ақиқат. Ел тарихындағы ең маңызды кезеңнің куәгерлері мен батырлары қазіргі кезде ортамызда жүр. Бүгінде аразамыздағы әрбір желтоқсаншының жанкештілігі кейінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс.

Шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев зиялы қауым өкілдерімен бірге қарусыз қаһармандарды еске алып, тағым етті.

Аймақ басшысы Тәуелсіздік үшін күрескен желтоқсаншыларға алғыс білдіріп, олардың ғибратты ғұмырын басқаларға үлгі, өнеге ету – басты парыз екенін атап өтті.

– Желтоқсан – қазақ халқы үшін қасіретті әрі қасиетті ай. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» – деді. Біз әр кезеңдегі қиын-қыстау шақтарда халқымыздың қалқаны болған батыр ұл-қыздарымызды мақтан етеміз. Тәуелсіздікке ұмтылған қазақ жастарының бұл қадамы шын мәнінде ерлік еді.

«Желтоқсан қаһармандарының» ерлігі мен өрлігі тәуелсіз Қазақ елімен бірге өмір сүріп, есімдері халық жүрегінде жасай береді, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.



Содан кейін Желтоқсан оқиғасына қатысушы Аманбай Қанетов сөз алып, бостандық үшін күрескен боздақтардың жанкешті еңбегі мен ерен ерлігін еске алды.

Қазақ жастарының арасында алаңға шығып, өз құқықтарын талап еткендері үшін жала жабылып, жапа шеккендердің қатарында Қызылорда облысынан 150-ден астам азамат болған. Олардың барлығы дерлік оқудан шығарылып, партия қатарынан шеттетілді. Алайда ел тәуелсіздігін алғаннан кейін 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес, оқиға салдарынан зардап шеккен азаматтар желтоқсаншылар толық ақталды.

Шарада Тәуелсіздік жолындағы желтоқсан құрбандарының рухына бас иіп, Сыр жұртшылығы атынан тағым етіп, гүл шоғы қойылды.

А.АЙТЖАН

Желтоқсан – мәңгілік тақырып. Ол күллі қазақ жұртының жаңа белеске көтеріліп, өз алдына дербес мемлекет құрудағы арманы іске асқан ерекше сәт. Тарих бетінде таңбаланған алаштың ақтаңдақ кезеңі.

# ДӘУІРЛЕР ТЫНЫСЫ

Ел тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай Болашақ колледжінің ұйымдастыруымен «Еліміз еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында кеш болып өтті.

Шараның негізгі мақсаты – студенттердің туған өлкемізге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйе, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Тәуелсіздіктің қадірін ұғындырып, ұрпақ санасына сіңдіру.

«Болашақ» университетінің ректоры Қайрат Бакбергеновты, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбаков, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айман Айтбаева тақырып төңірегінде өз ойларымен бөлісіп, тәуелсіздік елімізге оңай жолмен келмегендігін сол заманғы жастардың жанкештілігіжайлы айтып өтті.

– Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркеніетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 31 жыл ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өткізіп келеміз. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке. Себебі осынау жүрежарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен

өтті. Ел өркендеуі жолында бірлікпен жұмыла жұмыс атқара беруіміз керек. Бірліктің орны биікте, – дейді «Болашақ» университетінің ректоры Қайрат Бакбергеновты.

Дәуір тынысы, ғасыр куәсі, тарих тұнбасы бір ғана тәуелсіздік деген асыл ұғымның аясына сыйып тұр. Бұл – ұлы күрес жолындағы жасампаздық бастауы. Сол бір сұрапыл сәтті

ұрпағымыз. Желтоқсан оқиғасы сондай керемет кезеңнің бірі болатын. Өзге елдерге қарағанда жастар іштегі бұлқыған сезімдерін бір



көзімен көріп, қиыншылығын басынан өткізген өр тұлғалардың бірі – Айтжан Оразбаков. Кеш барысында желтоқсан куәгері өз естелігімен бөлісіп, жастарды тәуелсіздіктің қасиетін ұғынуға Отан деген ордалы шаңырақтың өркендеуі жолында еңбек етуге үндеді.

– Біз Жұбан Молдағалиев айтқандай, мың өліп, мың тірілген ұлттың

ак күнде ақтара салды. Тарих толқындардан тұрады. Тарих толқыны уақыт желі ғана тасытады. Міне, межелі мезеттегі дүние дүмпуі осылы өрбіді. Енді алдағы арнайы сәтімиз көп болсын деп тілеймін және соған алаңсыз сенемін. Желтоқсан – дәуірлер тынысы, – деді Айтжан Жұмабайұлы.

Кеш қорытындысында колледж студенттері Тәуелсіздік туралы олең оқыды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

**Артемия (Artemia salina)** — вид ракообразных из отряда жаброногих

**Описание.** Взрослые рачки имеют три глаза и 11 пар ног и могут вырасти до размера в 15 миллиметров. Их кровь содержит гемоглобин, так же, как и у позвоночных. Самцы отличаются от самок заметно увеличенной второй парой антенн, превратившихся в органы захвата, используемые в спаривании.

Самцы имеют два репродуктивных органа. До совокупления самец обхватывает самку своими органами захвата, принимая позицию за её спиной. Самцы и самки могут плавать сцепленными вместе в течение ряда дней. В этом состоянии движения плавательных придатков пары приобретают согласованность.

В природе Артемия салина обитает в солёных озёрах: хлоридных, сульфатных и карбонатных. Часто водоёмы, в которых обитает артемия, расположены в курортных зонах. Рачки участвуют в формировании лечебных грязей, которыми славятся солёные озера. Как правило, артемия является единственным обитателем водоёма, так как другие организмы, образующие зоопланктон, не выживают при столь высокой концентрации соли. Солёность воды, где они обитают, может достигать 300 промилле. В пресной воде рачок умирает примерно через час. Питается в основном микроскопическими зелёными водорослями. Зачастую солёные водоёмы, в которых обитает артемия, имеют розовый оттенок воды за счёт цвета рачков.

## АРТЕМИЯ – молодость и здоровье нашего организма

**Использование.** Артемия салина имеет большое значение для науки, хозяйства и фармацевтической отрасли. Её химический состав характеризуется высоким содержанием белков, жиров, незаменимых аминокислот и жирных кислот, витаминов, гормонов и других биологически активных соединений. В белках артемия обнаружено 18 аминокислот, 8 из них незаменимые: треонин, валин, метионин, изолейцин, лейцин, фенилаланин, лизин и гистидин. Как известно, эти аминокислоты имеют большую биологическую ценность, так как необходимы для полноценного питания организмов и синтеза белков в них. Цисты рачка богаты витаминами группы В, в частности В12, также артемия содержит каротиноиды, благодаря которым её тело имеет красноватый оттенок.

Особую ценность и биологическую значимость имеют цисты рачка, они являются богатым источником нуклеиновых кислот.

**В пищу.** Известно, что человек давно узнал о ценных для организма свойствах артемии и стал включать её в рацион питания. Большой популярностью в качестве кушанья рачки пользовались у американских индейцев, которые жили у берегов Большого Солёного озера на территории современного штата Юта. Кочевавшие к

западу от дельты Нила арабы вылавливали рачков в солёных водоёмах и готовили из них пасту, которая заменяла им мясо. Данные факты подтверждают наличие особых питательных свойств у Artemia salina.

**Медицина.** В научных кругах артемию рассматривают как сырьё для получения фармацевтических препаратов, корректирующих обмен веществ у человека и животных. Из мелконизолитного порошка из цист Артемии салины изготавливают биологически активную добавку к пище «Кавесан», источник нуклеиновых кислот, причём сырьё из артемии является единственным компонентом препарата.

**Косметология.** В Новосибирском НИИ гигиены проводилось клиническое изучение препарата «Кавесан», получаемого путём капсулирования порошка цист Artemia salina, с целью определить возможности применения БАД в косметической практике. Исследования показали, что добавление в рацион питания «Кавесана», являющегося источником нуклеиновых кислот:

- повышает общую резистентность организма,
- повышает эффективность косметических процедур,
- способствует повышению регенеративных способностей тканей, что является эффективным способом борьбы с дегенеративно-деструктивными и атрофическими изменениями кожи.

Зарубежные компании Израиля, Италии, Испании и др. используют экстракты из Artemia salina в создании наружных и инъекционных косметологических средств для anti-age терапии. В их числе антивозрастной комплекс «Forever young Forte ree» от компании «Christina» (Израиль), омолаживающие средства для лица «Diamond» (от «Natura Bisse» (Испания), косметика «JANSSEN Cosmetics» (Германия).

**Научные исследования.** Артемия — признанный объект научных исследований, на которых изучаются структурная организация хромосом, нуклеиновых кислот, механизмы биосинтеза белка, роль ферментов в различных процессах, а также этапы дифференциации клеток и морфогенеза, партеногенеза и полиплоидия[9]. Устойчивость этих существ делает их идеальными тестовыми организмами в экспериментах. Артемия является одним из стандартных организмов для тестирования токсичности химических веществ[15].

Аквариумистика и промышленное рыболовство Артемию используют как первоклассный высокопитательный корм для рыб, креветок, крабов,

омаров, разводимых на рыболовных заводах и фермах. Она обладает высокой кормовой ценностью и способна повышать физиологические показатели животных.

Наулиусов артемии широко применяют как стартовый корм для мальков рыб в аквариумистике. Их выводят из яиц в аппаратах Вейса — перевёрнутых бутылках без дна, в которые снизу подается вода (или воздух) с такой скоростью, чтобы яйца находились во взвешенном состоянии и не садились на дно.

Артемия может появляться на свет в любое время года. По мнению аквариумиста Игоря Ванюшина, введение её в обиход представляется значительным событием в развитии аквариумистики[16].

Магазины кормов для аквариумистов продают замороженную артемию в качестве корма для рыб.

**Удобрения.** Яйца (цисты) артемии богаты хитозаном, благодаря чему их применяют в качестве органического удобрения для подкормки и профилактической защиты растений: комнатных цветов, рассады и растений открытого грунта. Удобрения применяются для комнатного цветоводства, выращивания рассады и растений открытого грунта. Например, биоинсектицидный препарат «Артемия», хитозановый стимулятор роста растений «СЛЮКС» эко Артемия и др.

А.БЖАНОВ М.К., директор ТОО «Artemia Global», ТАЖИБЕВА А.Б., директор ТОО «LIVE FEED»



## ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Осы жылдың шілде айында Әлшекей күйшінің мұрасын жалғастырушы Тыныбек ақсақалға жолығып, диалогқа отырдық. Жанымда Жанақорғанда тұратын Оразхан Сейітов есімді ағам бар. Сексеннің үстіне шыққан күйші Шиледегі үйінде екен. Жанында өзі қатарлас төрт-бес кісі отыр. Амандық-саулықтан соң домбырасын алып, – Шәй қайнағанша сендерге күй тартып берейін, – деді де салалы саусақтарын кеңірек жазып, қос алақанын бірнеше рет ашып-жұмды. Шамасы, күй тартар алдындағы әдеті болса керек. Домбырасын бір-екі рет қағып-қағып жіберді де күйін бастап кетті.

Ол кісі күйін тартып жатыр, ал біз тыңдап отырмыз. Тыныбек ақсақал домбыра тартқанда басқа бір әлемге енгендей әсерде болады екен. Домбырасы да күй төгіп, күмбірілеп-ақ тұр. Домбыраны күйші тартып жатқан жок секілді, құдды бір сазды аспап өздігінен әуен төгіп жатқандай. Бірде домбырадан қоңыр әуен төгілгендей, енді бірде толқынды су жағаға сокқандай әсер қалдырады. Домбырашы да тыңдарманын елітіп, әуенді неше мәрте құбылтып отыр. Бұл сәтте жасының сексеннен асқанын айтқан карт жасарып кеткендей ме қалай өзі... Домбырада ұстаның қолынан жаңа ғана шыққандай... Әсілінде болмысына қарап, бұл домбыраның да шамамен 40-50 жыл бұрын жасалғанын аңғаруға болады. Күймен толқытып, әуенмен балқытқан күйші кенет тоқтады да – бұл – Әлшекейдің «Толқын» атты күйі деді. Күй тартылып болғанша үнсіз отырған біздер:

– Бәрекелді!  
– Жарайсыз, ақсақал!  
– Күйші болсаң, осындай бол!  
– Домбыраның өзіңізге, өзіңіз домбыраныңға лайық екенсіз, – деп өнер иесін қоллаштап қойдық.

екен. Бір барғанда қыстық азығын әкелсе, екінші барғанда жазға қажеттісін алмай ма адамдар. Сондай мақсатпен күйші базарлап кайтып келе жатып, жолай бір байдың үйіне түскен. Баяғыда өзі сондай еді ғой. Танысын, танымасын жолаушылап келе жатқан адам

білмейді. Елемеген сынай танытқан бойжеткеннің қылығы күйшіге ұнамайды. Жан-жағына қараса керегеді домбыра ілулі тұрады. Соны алады да күй тарту жөнелген екен, бәтшағар. Күйдің құдіреті әлгі байдың қызын иілтіп, ізет жасатыпты. Мұны естіген бай да күйшіні сый-сияпатпен қайтарыпты, – деді де домбырасын төгіле жөнелді. Өзі де жас қызын алдында домбыра тартып отырған жас жігіттің қозғалып, әуенмен бірдей тербеліп отырған ақсақал бізді де күйдің ауанына салып жібергендей. Біз де күйшімен бірге ырғалып, өздігімізден тербеліп отырған едік. Тыныбек көкеміз күйін тартып болысымен кішкентай немересі келіп, шайдың дайын болғанын жеткізді.

Тыныбек ақсақал күйге ғана жетік емес екен, ол кісі тарихи әңгімелерді де көп біледі екен. Күйші бұрын-соңды естімеген бір әңгіменің ағынын ағытты.

– Қазақ даласында небір батырлар өткен. Оның бәрі бірдей көпке белгілі емес. Ел ішінде Әзеке батырға қатысты тарихи аңыз бар. Менің жастау күнімде үлкендерден естіген әңгіме бәрі еді. Соны баянда берейін, – деді де дастархан басында отырған бізге бір қарап қойды.

– Айтқыңыз, айтыңыз!  
– Қайта сіз секілді қарттардан естіп-білгеніміз жақсы.

– Сіз не айтқанды да есті сөзден жібересіз ғой. Қайта пайдалы емес пе, – деп, айтушымызды шабыттандырып қойдық. Оның үстіне шілінгір шілденің ыстығы ми қайнатардай болып

тұрған. Бесін уақытында барған біз кең үйдегі салқындатқыштың астында отырып, рухани сусындағанды жөн санадық.

– Осыдан бірнеше жүз жыл бұрын мынау сайын далада Әзеке деген батыр болған. Әзеке батыр жонғарлармен бір шайқаста жаудың бес бірдей батырын өлтіріпті. Тағы да бәрін жекпе-жекте мерт қылған ғой. Сөйтсе ол батырлардың бәрі туған ағалы-інілі, бір үйдің ұлдары болып шығады. Бауырының өлімі үшін кек аламын деп, бірінен соң бірі шыға бергенге ұқсайды. Еліне жеткенде әлгі бес батырдың шешесі ұлдарын қазақтың Әзекедей батыры өлтіргенін естіп: «Әзеке, жүзге жетпе, жүзге жетсең де күзге жетпе!» деп қарғаты. Содан әлі күнге дейін Әзеке қарғыс ұрпағы өспей, өнбей келеді, – деп барып тоқтады.

Қарасам ақсақалдың көзінде мұң бар сынайды.

– Сонда қалай, шынымен Әзеке батырдың ұрпағы аз ба? – дедім мен. – Иә, балам, сол батырдың ұрпағының бірі мен. Арада үш жүз жылдан астам уақыт өтсе де Әзекелердің саны жүз шаңыраққа жетпей келеді. Шамасы бізге қарғыс өткен деген сөздің астарында шындық бар-ау осы, – деді.

Бұл кезде шай да ішіліп, ас та желініп болды. Тыныбек ақсақал Әлшекейдің тағы бірнеше күйін орындады. «Сынсуы» да тартылды, «Терісқаптайы» да орындалды. Ал Әзеке батыр ақында айтылған әңгіме менің есімнен бір шықпай қойды. «Сөзде кие бар» деген осы екен-ау дедім іштей.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ



– Енді Әлшекейдің «Жіп жүгіру» деген күйін тартып берейін, – деген Тыныбек ақсақал алдымен күйдің тарихын баяндады. – Бір замандарда Сырдағы халық Түркістан базарына жылына екі мәрте қатынайды

құдайы қонақ болатын. Қазір ғой, құдайы қонақ болмақ түгілі көршінің үйіне зрен барамыз. Сол байдың бір қызы бар екен. Ол өрмек тоқып отырса керек, қонақтарға дәстүр бойынша құрмет көрсетіп, төрге шығаруды

## НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

## «ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРҒАН ЖЫРАУ ЕДІМ»...

Алты алаштың анасы атанған Сыр бойы талай өнер тарландарының түлеген тұңғыры. Сыр сұлейлері шоғырының көрнекті өкілі – Тұрымбет Салқынбайұлы.

Тұрымбет жыраудың басқа замандастарынан өзіндік ерекшелігі сөз құнарын жаңа заманғы үрдістермен байытуды қызметінен анық байқалады. Ақынның шығармаларында діни түсініктер мен ескі ұғымдардан ала таза да терең қазақы дүниетанымдық өлшемдер кеңінен қолданылған. Әсіресе оның өлеңдерінен сол кезеңмен үндестікті аңғаруға болады. Демек, тұтастай толғаулары публицистикалық сарынға құрылған.

Бала жырау атанған Тұрымбет жырау Салқынбайұлы 1868 жылы Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген.

Жыраудың әкесі Салқынбай Сыр бойындағы Қарақұм өңірін жайлаған орта дәулетті кісі болған. Қарақұмда «Салқынбай құмы» деп аталатын ақ шағылды, биік жалды төбе бар. Салқынбайдан Жадыра, Тұрымбет, Қолдабек, Молдабек туады. Тұрымбет жырау бала кезінен домбыра тартып, ән айтқан, сөзге жүйрік болған. Ағасы Жадыра да үлкен шайыр болған кісі. Бірақ, ол інісінің өнері басым екенін байқап: «Бір үйден екі жырау шыққанымыз ерсі болар», – деп жолын талантты інісі Тұрымбетке беріпті.

Тұрымбет жырау ескіше оқып, ауыл молдасынан сауатты ашады. Одан әрі өз бетінше ізденіп, Шығыс поэзиясының інжу-маржандарымен сусындайды. Жастайынан мақтау, сынау, мінеуге шебер, өлеңді табанда шығарып айтуға шебер болған. Бұған оның Балқы Базар, Дүр Оңғар, Даңмұрын сынды өнер жүйріктерінің сонынан еріп, үлкен сайыстарға қатысуы елеулі септігін тигізеді. Бертін келе бала жырау терме, толғау, т.б. ұзақ жырларды айтумен қатар, Шығыстың қисса-дастандарын мақамына келтіріп орындайды.

Бала жыраудың өнерін Сыр, Ырғыз, Нұрата өңірлеріне



белгілі Төребай би Пышанұлы да жоғары бағалаған. Атақты би Дүр Оңғарды бас ақын деп оң жағына, Тұрымбетті жас ақын деп сол жағына отырғызып, екеуіне де үлкен сый-құрмет жасаған. Алматы би Тобабереңұлының бірде екі араздасқан елді бітісіріп, татуластыру мақсатында халыққа аса зейлігі Дүр Оңғар, Жиенбай, Тұрымбет жырауларды арнайы шақыртып алып, үшеуіне бірдей бір ұйқас, бір ырғақпен өлең-айтықсыз, сөз салмағын сарапқа салғаны белгілі. Араздасқан ел үш жыраудың сөзінен кейін ақылға келіп, бір-бірімен шұрықарасып көресіді. Сөз құдіретін, киелі өнердің қадір-қасиетін дала билері осылай бағалаған екен.

Тұрымбет жырау – кезінде тек Қармақшы өлкесінде емес, онан тыс Арқаның Ұлытау, Сарысу, батыстағы Ақтөбе, Ырғыз өңірлерін сондай-ақ Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркменстандағы қазақ ағайындарды жиі аралап жүр айтқан. Сондай сапарларда Сырдың сазын өзіндік ерекше мақаммен орындап, дарынды жырау атанған. Жырау өзінің және Сыр сұлейлерінің терме саздарын кеңінен насихаттаумен бірге, Шығыстың қисса-дастандарын да жалықпай орындайтын шеберлігімен талайды таңдай қақтырған.

«Тұрымбет бала жастан өлең-жырға әуестеніп, оларды жиын-тойда домбыраға қосып, мәлепел айтатын болғандықтан бала жырау атанған. Содан кейін жиырма жасында-ақ, табыла суырып салып айтатын

сандуғаш дарынды жыраудың бірі болған», – дейді белгілі әдебиет жанашыры, шежіреші карт Әлқуат Қайнарбаев.

Сыр сұлейлерінің көрнекті өкілі, халық ақыны Қуаныш Баймағанбетов «Сымбатты, Сырдың сұлу сұлейлері» толғауында:

«Кетеле Шораяқтың Омары өтті,

Өлгенше өлең-жырды жоғары етті.

Даңмұрын, Ешнияз бен Оңғар жырау,

Тұрымбет бес Бозғылдан бұлар да өтті», – деп оны топжарған дүлділдердің алдыңғы қатарында атайды.

Ал белгілі жыршы-жырау, Сыр сұлейлерінің көрнекті өкілі Балқашбай Жүсіпов өзінің ұстаздарына арнаған термесінде:

«Тұрымбет – ән атасы Кіші жүздің,

Тоғытқан әннің кесте көп өрнегін», – деп жырлайды.

Жырау шығармашылығы өз кезіндегі уақыт пен заманның тыныс-тіршілігімен үндес. Оның көптеген өлең, толғаулары қазақ поэзиясындағы бұрынғы өткен ақындар мен жыраулар поэзиясына тән көркемдік тәсілдер мен айшықты нақыштарға толы.

Қос дәуірдің жыршысы Тұрымбет жыраудың «Бай құласына», «Аманбай байға айтқаны», «Бір ісім болыс, билер, келді ортаңа», т.б. өлең-жырлары қазан төңкерісіне дейінгі, яғни патшалық дәуіріндегі байлардың озбыр іс-әрекеттерін батыл әрі ашық әшкере еткен шығармалар болса, «Озырлық кезе өзгеріп», «Топтастық кедей бірленіп», «Өмір нұры», т.б. көптеген толғауы Қазан төңкерісі әкелген өзгерістер мен жаңа заман тақырыбына арналған.

Қай дәуірде өмір сүрмесін, ақын-жыраулар ол өз дәуіріндегі қарапайым халықтың мұңын жырылап, жоғын жоқтайды. Тұрымбет жырау өзі өмір сүрген дәуірдегі халықтың басына түскен ауыртпашылықтарды отты жырлары арқылы батыл сынайды. Бұған оның «Айттым сөз серлетпекке соңғы ұлыққа», «Қоштайсың бір-бірінді кулар

кілен», «Белсенді келінге», т.б. өлең-жырлары дәлел болады.

Ол бір шығармасында тұрған жерге деген сағынышын былайша өлеңмен өрнектейді: «Қармақшының қаласы, Жағалай біткен ағашы, Сырдарияның саласы, Орман ұрпия аман ба?!»

Бізден сәлем айтындар, Қалмасын қағыс солар да!»,

– деп Сырдағы ел-жұрттың ғана емес, оның ұшқан құс, жүгірген аң, жорғалаған жәндігіне дейін сағынып, аңсап жүргенін жүрекке жылы жеткізе біледі.

Жыраулық өнердің хас шебері Тұрымбет Салқынбайұлы Жеңіс салтанатына арналып Қызылордада өткен үлкен жиынды ашу құрметіне ие болады. Ұстазының осы жынға арнаған «Шат көңілден» атты толғауын сонда шөкірті Молдахмет Дабылұлы орындайды.

«Мен келген Қармақшыдан қартың едім,

Қарыштап талай жерді шалқып едім.

Ізінде өлең-жырдың жүрген кезде,

Біреуден кем, біреуден артық едім», –

деп басталатын осы термесі үшін жырауға алты қанат ақбоз үй сыйға тартылыпты.

Бүгінде Қармақшы ауданында Тұрымбет жырау Салқынбаев атындағы музыка мектебі жұмыс істейді. Онда көптеген шәкірттер түрлі жанрлар бойынша білім алуда. Осы білім ордасында жыраудың ұрпағы Жарқынбек Тұрымбетов терме, толғау айтып, ата жолын лайықты жалғастырып жүр. Бұл атадан балаға мирас болған өнер құндылығының дәріпті жалғасы еді.

Жырау есімі халық жүрегінде мәңгі жасай бермек. Шайырдың «Талайды таңыратқан жырау едім» кітабы жарық көрді.

Ол көз жұмар алдында Бозарқаштағы өз үйінің шаңырағына қарап жатып, іні-қарындасына, туыстарына: «Қарактарым-ау, мына үйдің ішінде өлең өріп жүр ғой, теріп алаңдаршы», – деп соңғы аманатын айтып үлгеріпті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



## СЫРДАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ПАРТИЗАН ҚЫЗ

Бірде Қызылорда қаласындағы №235 мектептің жанынан ашылған «Атамекен» мұражайына барған едік. Бұл жерден Сырдан шыққан тұңғыш партизан қыз – Тұрғанбике Жұмабайқызы туралы деректерді кездестірдім. Бұл 2017 жыл болатын.

Ерлігі мен даналығы, әсемдігі мен көркемдігі арқылы танылған қазақ қыздары аз емес. Сонау Тұрар ханымнан бастап шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүкке дейін есімдерін тарихта алтын әріптермен қалдырған қайсар арулар баршылық. Дегенмен Сырдан шыққан тұңғыш партизан қыз туралы деректер мені ерекше қызықтырды. Сол себепті Тұрғанбике Жұмабайқызы туралы мақала жазуды ұйғардым.

Әңгіме арқауына айналып отырған Тұрғанбике апамыздың ел ішінде Тұрғаш деп атайды екен. Этнографиялық бағытта жұмыс істейтін жәдігерлер мекеніне жетекшілік ететін ардагер-ұстаз Құлеш Алматышеваның айтуынша, Т.Жұмабайқызы 1922 жылы Жалағаш өңірінде өмірге келген.

Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Алдажар Әбіовтің айтуынша, Тұрғаш апамыздың әкесі – Жұмабай Піржанұлы теміржолшы болған. Анасы – Алуа Жүсіпқызы туралы көп айтылмайды. Қолда бар деректерде ол 1898 жылы Қараөзек бойындағы «Қызыл үй – Мортқы» деген жерде дүниеге келіп, 1959 жылы 61 жасында Жалағаш қыстағында қайтыс болған делінеді.

Осы жерде Сыр бойынан шыққан қазақ қызы қалай партизан болып жүр? Майдан даласына қашан барды? Қай жерден аттанды? деген сұрақтар туындайды. Бұған дәлелді алыстан іздемей-ақ Тұрғанбике апамыздың өмір жолына үңілгеніміз жөн.

Бұл кісі 1939 жылы Батырхан Қаражігітов деген жас офицерге тұрмысқа шығады. Үйлену тойы өткеннен кейін екеуі Беларуське, яғни күйеуі қызмет атқаратын Батыс әскери округіне барады. Міне, осы кезден Тұрғаштың Беларуське жеріндегі өмірі басталады. Күйеуі лейтенант шенінде взвод командирі болып қызмет атқарады. Ерлі-зайыпты екеуі 1940 жылы ұлды болған. Әйтсе де бұлардың қуанышы ұзаққа созылмады. Өйткені 1941 жылы соғыс басталған еді. Сол

жылдың 22 маусымында таңғы сағат 4-те әскери дабылмен кеткен Батырхан көп ұзамай телефон арқылы Тұрғашқа «Тез арада елге қайт» дейді. Бірақ бәрі кеш еді. Жау қоршауында қалған әскери қалашықтағы тұрғындар жақын жердегі Лугайск орманын паналайды. Күйеуінен хабар болмаған соң Тұрғанбике жаудан кек алмақ болған партизандарға қосылады. Олардың басшысы Николай Дорбин екен. Топтары бірте-бірте үлкейіп, «Николай Шорс» атындағы партизандар бригадасы атанады.

1942 жылы оларға Мәскеуден арнаулы радиотехника мектебін бітірген Нұрғаным Байсейітқызы тілін үйретіп, шұғыл жағдайда қалай байланыс жасау қажеттігін меңгертеді. Сонымен қатар Тұрғанбике апамыз неміс тілін де жетік меңгеріп алады. Бұған дейін орыс, беларус тілдерінде еркін сөйлейтін Тұрғашты партизандар Тамара деп атайды. Ол радист қызметін атқарып, өте маңызды әрі қажетті ақпаратты өз командирлеріне жеткізіп отырды. Сонымен қоса наубайхана мен асхана жұмыстарына жәрдемдесті. Барлаушылар «тіл» әкелсе, әкелген тұтқыннан жауап алуға да қатысты. Тіпті жан беріп, жан алысқан ұрыстардың да ортасында жүрген. Сондай сұрапылдың бірінде арқасындағы баласына оқ тиіп, ажал құшады. Онсызда сүйеген жарынан хабар ала алмай жүрген Тұрғаш апамызға баласының өлімі қатты тиді.

Соғыс аяқталғаннан кейін Тұрғанбике Жұмабайқызы елге оралады. Ол II дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» орденімен марапатталған.

Арада екі-үш ай өткенде Батырхан да келеді. Тұрғаш апамыз 1945 жылы аудан орталығындағы балабақшаға меңгеруші болып қызметке орналасады. Соғыс салған жара жазылмай ол 1947 жылы өмірден озады.

Бір киноға, тіпті кітапқа арқау боларлық қиындыққа, қарбаласқа толы тағдыр. Сырдан шыққан алғашқы партизан қыз әлі талай шығарманың кейіпкеріне айналары сөзсіз.

А.БЕК

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318/07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымсыз ескісе келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқарушысы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 Тапсырыс №2144

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ